

**«PISA, PIRLS, TIMSS, ICILS, ICCS халықаралық
мониторингтік салыстырмалы зерттеулер аясында
педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту»
(Тест тапсырмаларын құрастыру, экспертиза және бағалау)
Білім беру бағдарламасы**

1-Кесте

Халықаралық зерттеу					
Зерттеу нысаны	функционалды сауаттылық (ОС, МС, ЖФС және инновациялық бағыт)	математика, жаратылыстану бойынша білім сапасы (академиялық білім)	мәтінді оқу және түсіну сапасы (академиялық білім)	IT сауаттылық	азаматтық сауаттылық
Қатысушы	15-16 жас	4-сынып 8-сынып	4-сынып	8-сынып (13,5 жас +)	8-сынып (13,5 жас +)
Басталған жылы	2000	1995	2001	2013	2009
Жиілігі	3 жыл сайын	4 жыл сайын	5 жыл сайын	5 жыл сайын	6-7 жыл сайын
Сауалнама толтырушы	оқушы, мектеп әкімшілігі	оқушы, мұғалім, мектеп әкімшілігі	оқушы, мұғалім, мектеп әкімшілігі	оқушы, мұғалім, мектеп әкімшілігі, IT координатор	оқушы, мұғалім, мектеп әкімшілігі

1-бөлім. Жалпы ережелер

Педагогтерге арналған халықаралық мониторингтік салыстырмалы зерттеулер аясында педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту бойынша біліктілік арттыру курсының білім беру бағдарламасы келтірілген негізгі ережелер мен талаптарды ескере отырып әзірленген:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген ҚР білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта, техникалық және кәсіби білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысымен бекітілген Ұлттық жоба «Сапалы білім беру «Білімді ұлт»»;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығымен бекітілген Педагогтар біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру мен жүргізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі қолдау ережелері;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4

мамырдағы бұйрығымен бекітілген Педагогтар біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, мақұлдау және бекіту ережелері.

Педагогтерге арналған PISA, PIRLS, TIMSS, ICILS, ICCS халықаралық мониторингтік салыстырмалы зерттеулер аясында педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту бойынша біліктілік арттыру курсының бағдарламасы орта білім беру ұйымдарының, PISA бойынша техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарының педагогтерін оқытуға арналған.

Бағларлама білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалайтын халықаралық мониторингтік салыстырмалы зерттеулерге әзірлік аясында білім беру ұйымдарындағы білім беру процесін жүзеге асыруға бағытталған.

Оқу форматы: офлайн және/немесе қашықтан

Оқыту тілі: қазақ, орыс.

2-бөлім. Глоссарий

PISA (ағыл. Programme for International Student Assessment) – «орта міндетті білімді игерген 15 жастағы білім алушылар заманауи қоғамда толыққанды өз қызметін орындай алатындай, яғни қоғамдағы кең ауқымды әртүрлі саладағы әлеуметтік, қарым қатынастық қызметтерді шешу барысында өз білімін іс жүзінде қолдана алуға қабілетті ме? сұрағына жауап алатын жалпы орта білім сапасын бағалайтын халықаралық зерттеу.

PIRLS (ағыл. Progress in International Reading Literacy Study) – әлемдегі әртүрлі елдердің бастауыш сынып білім алушыларының мәтінді түсіну және оқу сапасы мен деңгейін салыстыратын, сонымен қатар ұлттық білім беру жүйелерінің айырмашылығын анықтайтын халықаралық зерттеу.

TIMSS (ағыл. **Trends in Mathematics and Science Study**) – әлемдегі әртүрлі елдердің бастауыш мектептің 4-сынып білім алушыларының және 8-сынып білім алушыларының математика және жаратылыстану-ғылыми білім алу сапасы мен деңгейін салыстыратын, сонымен қатар білім алушылардың жетістіктерінің әртүрлі деңгейлерін анықтайтын білім беру жүйелерінің ерекшелігін анықтайтын халықаралық зерттеу.

ICILS (ағыл. **International Computer and Information Literacy Study**) – әлемдегі әртүрлі елдердің 8-сынып білім алушыларының компьютерлік және ақпараттық сауаттылық деңгейін салыстыратын, сонымен қатар ұлттық білім беру жүйелерінің айырмашылығын анықтайтын халықаралық зерттеу.

ICCS (ағыл.**International Civic and Citizenship Study**) – әлемдегі әртүрлі елдердің 14 жастағы білім алушыларының азаматтық сауаттылық сапасын салыстыратын халықаралық зерттеу. Басты мақсаты өскелең ұрпақтың азаматтық позиция бойынша білімі мен түсінігін, оның 21 ғасырдағы әлеуметтік қоғамдағы өзін өзі тануын анықтау.

Құзыреттілік – бұл еңбек ету саласындағы талаптарға сай орынды әрекет ету, міндеттер мен проблемаларды әдістемелік, ұйымдасқан түрде және өз бетінше шешуге әзірлік және қабілеттілік.

Бағалау критерийлері – оқушылардың оқу үлгерімін бағалауға негіз болатын нақты көрсеткіштер.

Баға критерийлері – оқыту нәтижелерінің құзыреттілік талаптарына сәйкестігін бағалау жөніндегі шешім қабылдауға арналған көрсеткіштер.

Білім беру процесі – ұйымдастырылған оқу-тәрбиелік және оқу танымдық процестерді тұлғаның өз бетінше білім алуымен ұштастыра отырып, оны оқыту, тәрбиелеу және дамыту бойынша мақсатты қызмет. Ол білімді, қабілетті және дағдыны мемлекеттік білім беру стандартынан кем түспейтіндей деңгейде меңгеруді қамтамасыз етеді.

Бағалау – әзірленген критерийлерге сүйене отырып, оқушының қол жеткізген оқу нәтижелерін күтілетін нәтижелермен сәйкестендіру процесі; бұл – мұғалімге оқушының әзірлік деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін, оқушы жұмысын түзету әдісі; сондай-ақ оның көмегімен оқытушылық қызметтегі прогресті анықтауға болады.

Оқушылардың оқу іс-әрекеті нәтижелерін/оқу үлгерімін/оқудағы жетістігін бағалау – бұл білімді, дағдыны және қабілетті оқу бағдарламасында ұсынылған талаптарға сай меңгеру деңгейін анықтау.

Педагог – тиісті бейін бойынша педагогикалық немесе басқа кәсіби білімі бар, оқушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, әдістемелік қолдау көрсету немесе олардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын тұлға.

Педагогтарды курстан кейінгі қолдау – педагогтың курстан кейінгі қызметін үздікіз бақылап, әдістемелік және консультациялық көмек көрсету арқылы оның кәсіби құзыреттілігін дамытатын іс-шаралар жүйесі.

Педагогтың кәсіби құзыреттілігі – бұл педагогтың теориялық білімі мен оны нақтылы педагогикалық жағдаяттарда қолдану әдістерін, педагогтың құндылық бағдарын, сондай-ақ оның мәдениетінің (сөйлеуі, қарым-қатынас құру стилі, өзіне және қызметіне, іргелес білім салаларына көзқарасы, т.б.) интеграциялық көрсеткіштерін қамтитын көпфакторлы құбылыс. Кәсіби құзыреттілік – табысты педагогикалық қызмет үшін қажет кәсіби қабілеттер мен жеке бас қасиеттерінің жиынтығы. Кәсіби құзыретті деп педагогикалық қызметті, педагогикалық қарым-қатынасты айтарлықтай жоғары деңгейде

жүзеге асыратын, баланы тәрбиелеу мен дамытуда тұрақты түрде жоғары нәтижелерге қол жеткізетін педагогты айтуға болады.

Оқыту нәтижесі – модульдің бір бөлігін бекітілген бағамен игеру кезінде білім алушының оны білетіні, түсінетіні және орындай алатыны жөніндегі тұжырым.

Суммативті бағалау – педагогтың біліктілік және құзыреттілік деңгейін біліктілікті арттыру бойынша қысқамерзімді курс бағдарламасының талаптарына сәйкес мақұлдау процедурасы.

3-бөлім. Бағдарлама тақырыбы

«PISA, PIRLS, TIMSS, ICILS, ICCS халықаралық мониторингтік салыстырмалы зерттеулер аясында педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту» (Тест тапсырмаларын құрастыру, экспертиза және бағалау)

4-бөлім. Бағдарламаның мақсаты, міндеті және одан күтетін нәтиже

Бағдарлама мақсаты:

– орта, техникалық және кәсіби білім беру ұйымдары педагогтерінің орта білім беру саласындағы халықаралық мониторингтік салыстырмалы зерттеулер аясында 15 жастағы білім алушылардың функционалды сауаттылығын, бастауыш және негізгі мектеп білім алушыларының академиялық білімдері мен дағдыларын, бастауыш мектеп білім алушыларының оқу сауаттылығының сапасын, негізгі мектеп білім алушыларының компьютерлік және азаматтық сауаттылығын дамыту бойынша кәсіби құзыреттілігін жетілдіру.

Бағдарлама міндеттері:

- PISA, PIRLS, TIMSS, ICILS, ICCS бағалау құралдарының форматымен таныстыру;
- тапсырмаларды құрастыру және орындау бойынша педагогтердің білім-дағдыларын, практикалық машықтарын дамыту;
- PISA, PIRLS, TIMSS, ICILS, ICCS типтес тапсырмаларды бағалауға машықтандыру;
- 21 ғасыр дағдыларын жетілдіруге арналған педагогикалық тәсілдер мен оқу материалдарын қолдану.

Күтетін нәтиже:

Курс тыңдаушысы:

- пәндік бағыты бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың қағидаттары мен форматын; PISA, PIRLS, TIMSS, ICILS, ICCS тапсырмаларының бағалау ерекшелігін **біледі**
- зерттеу бағыттары бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың құрылымын талдауға; PISA, PIRLS, TIMSS, ICILS, ICCS зерттеулерінің шынайы

және балама тапсырмаларын бағалауға **қабілетті болады;**

- PISA, PIRLS, TIMSS, ICILS, ICCS зерттеулерінің тапсырмаларын құрастыру, экспертиза жасау және бағалау бойынша практикалық дағдылар мен біліктерді **игере алады;**

- орта білім беру саласындағы халықаралық мониторингтік салыстырмалы зерттеулер аясында 15 жастағы білім алушылардың функционалды сауаттылығын, бастауыш және негізгі мектеп білім алушыларының академиялық білімдері мен дағдыларын, бастауыш мектеп білім алушыларының оқу сауаттылығының сапасын, негізгі мектеп білім алушыларының компьютерлік және азаматтық сауаттылығын дамыту бойынша кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге арналған тәсілдер мен оқу материалдарын қолдануға **әзірлікті көрсетеді.**

5-бөлім. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бұл бағдарламаның мазмұны өзекті педагогикалық мәселелерді шешуге, яғни орта білім беру саласындағы PISA, PIRLS, TIMSS, ICILS, ICCS халықаралық мониторингтік салыстырмалы зерттеулер талаптарына сәйкес 15 жастағы білім алушылардың функционалды сауаттылығын, бастауыш және негізгі мектеп білім алушыларының академиялық білімдері мен дағдыларын, бастауыш мектеп білім алушыларының оқу сауаттылығының сапасын, негізгі мектеп білім алушыларының компьютерлік және азаматтық сауаттылығын дамыту бойынша кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге; PISA, PIRLS, TIMSS, ICILS, ICCS шынайы және балама тапсырмаларын сабақта қолдануда, бағалауда және оларды құрастыра білуде әдістемелік нұсқаулық, көмек көрсетуге бағытталған.

Бағдарлама құрылымы бойынша аралас және оқудың екі кезеңін қамтиды:

- бірінші кезең – «Кәсіби модуль. Тапсырма құрастыру» (өз бетінше оқу/интеграцияланған оқу, 20 сағат);

- екінші кезең – «Кәсіби модуль. Тапсырма бағалау» (өз бетінше оқу/интеграцияланған оқу, 16 сағат);

Оқу процесі бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес ұйымдастырылады.

2-Кесте

Оқу-тақырыптық жоспар

№	Сабақ тақырыбы	Сағат саны (академиялық)
1	<p>1-Блок. Кәсіби модуль.</p> <p>Тапсырма құрастыру және экспертиза жасау.</p> <p>Халықаралық зерттеулердің бағалауға қатысты құралдары мен тәсілдерін, тест тапсырмаларының құрылымы мен мазмұнын түсіну.</p> <p>*PISA, PIRLS, TIMSS, ICILS, ICCS-типтеc тапсырмаларды құрастыру және экспертиза жасау.</p>	20 сағат
2	<p>Блок 2. Кәсіби модуль. Бағалау.</p> <p>PISA, PIRLS, TIMSS, ICILS, ICCS тапсырмаларының бағалау тәсілдерін түсіну. Тест тапсырмаларының (жабық және еркін құрылымданған сұрақтар жауабы) форматын, балл қою схемасын талдау.</p> <p>Халықаралық зерттеулерге дайындалу барысында зерттеулердің бағалау стандарттарына сәйкес педагогтердің кәсіби дағдыларын жетілдіру.</p>	16 сағат
	Екі блок бойынша материалдар мазмұнының игерілгендігін анықтайтын тестілеу .	2 сағат
	<p>Жұмыс орнындағы практика: халықаралық зерттеулерге дайындық барысында игерген дағдыларын іс жүзінде қолдану.</p> <p>Практикум (жұмыс дәптері, тапсырмалар жинағы).</p> <p>Кері байланыс.</p>	2 сағат
	Барлығы	40 сағат

*Әрбір зерттеу бойынша екі блоктан тұратын оқу қарастырылған:

PISA-ның басты бағыттары (параллельно өткізіледі):

ОС – оқу сауаттылығы;

ЖФС – жаратылыстанушылық-ғылыми сауаттылық;

МС – математикалық сауаттылық.

TIMSS-тың басты бағыттары (академиялық):

МБ – математикалық білім сапасы;

ЖФБ – жаратылыстанушылық-ғылыми білім сапасы;

PIRLS-ның басты бағыты (академиялық):

ОжМТ – оқу және мәтінді түсіну;

ICILS-тың басты бағыты:

IT сауаттылық

ICCS-тың басты бағыты:

Азаматтық сауаттылық/хабардарлық

6-бөлім. Оқу процесін ұйымдастыру

Бағдарлама бойынша оқу процесін ұйымдастыру курсты қашықтан өтуді, сондай-ақ тыңдаушының өз бетімен жұмыс жасауын талап етеді. Сонымен қатар тыңдаушылардың өтініші бойынша face-to-face форматта өткізу мүмкіндігі қарастырылған.

Білім беру процесінің тиімділігін арттыру үшін бағдарлама инновациялық білім беру технологиясы, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, бағалау, оқыту және бақылау формалары мен әдіс-тәсілдері негізінде жүзеге асырылады.

Бағдарлама кері байланыс пен рефлексияны, сондай-ақ оқытудың белсенді және интерактивті әдістерін қолдануды қамтиды.

7-бөлім. Бағдарламаның оқу-әдістемелік құрал-жабдықтары

Бағдарламаның оқу-әдістемелік құрал-жабдықтары цифрлы платформада ұсынылған, ол теориялық материал (бейнесабақтар, презентациялар және т.б. материалдар) мен өзіндік жұмысқа арналған практикалық тапсырмалардан (бағыттар бойынша тапсырма, жаттықтырғыш) тұрады.

8-бөлім. Оқыту нәтижелерін бағалау

Бағдарлама аясында білімді бағалау мен бақылау формасы оқыту және бағалау процестерін интеграциялау жүйесі бойынша жүргізіледі. Курстық оқыту процесінде алған білім мен меңгерген материалдар деңгейін анықтау мақсатында педагогтарды бағалау жүргізіледі. Тыңдаушының белгіленген мақсаттар мен тапсырмаларға сәйкес кәсіби білімін, қабілеттерін және дағдыларын қалыптастыру үшін аталмыш бағдарлама аясында педагогтар үшін тест түріндегі суммативті бағалау ұйымдастырылады.

Оқытудың екі кезеңінен сәтті өткен соң, тыңдаушыға практикалық модульге

қолжетімділік ұсынылады.

Бағдарламаның бұл кезеңінде педагогтер:

- өздерінің басшылығы мен білім алушыларына PISA, PIRLS, TIMSS, ICILS, ICCS; халықаралық зерттеуін өткізудің маңызы мен форматын түсіндіреді;

- өз сабақтарында PISA, PIRLS, TIMSS, ICILS, ICCS-типтегі тапсырмаларды қолданады;

- білім алушыларға оқу мазмұны негізінде өздері өткен барлық материалды түсіндіреді;

- білім алушыларға жинақтағы тапсырмаларды орындау үшін жағдай тудырады және кері байланыспен қамтамасыз етеді.

- білім беру ұйымы, өңір деңгейінде PISA, PIRLS, TIMSS, ICILS, ICCS халықаралық зерттеулері бойынша дайындық процесіне, сондай-ақ білім алушылардың бойында сауаттылықпен 21 ғасыр дағдыларын арттыруға бағытталған басқа да іс-шараларға қатысады;

Тыңдаушылардың білімі, қабілеттері және кәсіби құзыреттілігі қаншалықты деңгейде қалыптасқанын анықтау үшін бағалау критерийлері қолданылады.

9-бөлім. Посткурстік қолдау

Педагог қызметін курстан кейінгі қолдау – педагогтың курстан кейінгі қызметін үздікіз бақылап, әдістемелік және консультациялық көмек көрсету арқылы оның кәсіби құзыреттілігін дамытатын іс-шаралар жүйесі. Курстан кейінгі қолдаудың міндеттері:

- педагог кәсіби құзыреттіліктерінің даму траекториясын кері байланыс механизмдерін (сауалнама жүргізу, рефлексия, бағалау нәтижелері бойынша ұсыныс, инновациялық технологияны Қазақстан Республикасы ТЖКБ жүйесіне жататын ұйымдар қызметіне енгізу) қолдана отырып анықтау;

- курс барысында қол жеткізген білімді, қабілеттерді және құзыреттілікті педагогикалық тәжірибеге енгізу бойынша педагог қызметіне әдістемелік және практикалық қолдау көрсету;

- озық педагогикалық тәжірибені қолдану және тарату.

Жоғарыда аталған міндеттердің әрқайсысы күндізгі, сондай-ақ онлайн және қашықтан оқыту форматындағы бағыттар бойынша бірқатар іс-шара ұйымдастыруды қамтиды:

1) курстан кейінгі қолдау құралдары көмегімен қол жеткізілген ақпаратты жинау, қолдану және талдау:

- сауалнама әзірлеу;

- фокус-топтағы педагогтармен сұқбат жүргізу;

- курстық оқыту нәтижесі бойынша жиынтық ақпараттық анықтаманы әзірлеу.

2) курста алынған білім мен құзыреттілікті практикада қолдану барысында туған өзекті мәселелер бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірлеу.

3) инновациялық идеяларды қолдану және тарату, курстан кейінгі жұмыс кезеңінде қол жеткізілген білім беру технологиясын енгізу бойынша озық педагогикалық тәжірибе алмасу:

- шеберлік сыныптары;
- семинарлар-тренингтер;
- дөңгелек үстелдер және т.б.

10-бөлім. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Пайдаланылған дереккөздер мен ресурстар тізімі:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдесіндегі №319-III Білім туралы заңы;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген ҚР білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіби білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген Орта, техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарындағы оқушылардың оқу үлгерімін ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестациясын жүргізудің типтік ережелері;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығымен бекітілген Педагогтардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасын әзірлеу, мақұлдау және бекіту ережелері;

Интернет дереккөздері:

<https://www.oecd.org/pisa/>

<https://www.acer.org/au/timss>

<https://www.iea.nl/studies/iea/pirls>

<https://www.iea.nl/studies/iea/iccs>

<https://www.iea.nl/studies/iea/icils8>